

**6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Жусупов Ержан Алпысбаевичтің «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

№ р/р	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған(жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы мен бағыттарының «Қазақстан - 2050» Стратегиясына, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкестігі бар.</p> <p>Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелерін одан әрі зерделеу қажеттілігіне көңіл бөлген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <b>елеулі үлесін қосады/қоспайды</b> , ал оның	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады және оның маңыздылығы кеңінен ашылған.

		<b>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</b>	Оған докторанттың ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктерін үш деңгейде (ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі; ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі; ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі) қарастыруын, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін факторларды топтастыруын, арнайы бейімделген экономикалық тетіктердің құрылымдық сызбасын жатқызуда болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант диссертациялық жұмыста өзін-өзі жазу принципін толықтай сақтаған. Ол ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге қатысты отандық және шетелдік зерттеулерді ой елегінен өткізе отырып, тұжырымдап, статистикалық мәліметтерді қолдану аясында дәлелдей алған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімінің, ауыл шаруашылығы кәсіпорынының, ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін экономикалық тетіктер арқылы арттырумен қатысты болып келеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен ашады. Докторант ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне қатысты теориялық негіздер, талдаулар және қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижелердің негізделуі және дәйектелуі ұсынылған жұмыстың мазмұнымен анықталады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Диссертациялық жұмыстың нақты көрсетілген

		<p>тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>мақсаты мен алға қойған міндеттері әрбір бөлімде дәйекті қойылған теориялық және әдістемелік шешімдерде көрініс тапқан, қорғауға шығарылған қағидаттар ретінде келтірілген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация үш бөлімнен тұрады: 1. «Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың теориялық негіздері»; 2. «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің заманауи жағдайын талдау мен бағалау ерекшеліктері»; 3. «Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жетілдіру жолдары». Диссертацияны барлық бөлімдері мен құрылымы өзара үйлесімділік сипатымен анықталған, аяқталған ғылыми жұмыс деп санаймын.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен тұжырымдар ішкі үйлесімділікке ие, әрбір алынған жаңа шешімдер сыни талдау арқылы жалпыдан жекеге қағидасына сай қалыптастырылған. Докторант ұсынған жаңа шешімдер жеткілікті түрде ашылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</b>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа болып табылады, өйткені докторант белгілі зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу негізінде жасаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b></p>	<p>Жұмысты жазу барысында алынған қорытындылар толығымен жаңа болып келеді. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың теориялық</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	және тәжірибелік маңызы жоғары деп санаймын.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Жұмыстың үшінші бөлімінде ұсынылған Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттырудың тұжырымдамасы қызығушылық тудырады. Өзірленген тұжырымдаманың мақсаты, іске асыру тетіктері және алынатын әсерлері толығымен жаңа болып келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми қорытындылар әдістемелік тәсілдерді қолдану, статистикалық мәліметтерді топтастыру, деректерді экономикалық талдау мен бағалау арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p><b>1-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі орташа.</b></p> <p>Жұмыста докторант «бәсекелестік» және «ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарын жан-жақты ашып, оларға өзіндік анықтамалар берген. Дегенмен, «бәсекеге қабілеттілік» ұғымына қатысты пікірталас мәселелерді зерттей отырып, оған авторлық анықтама бергенде дұрыс болар еді.</p> <p><b>2-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</b></p> <p>Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі, ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі, ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі деңгейіне әсер</p>

		<p>2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>ететін факторларды қарастыру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлардың топтамасын әзірлеген. <b>3-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</b> Ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты экономикалық тетіктердің құрылымдық сызбасы жасалған. <b>4-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</b> Жұмыста Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі дамуының SWOT-талдауының кестесі соңғы 10 жылғы деректерді талдау нәтижесінде құрастырылған. Дайындалған SWOT-талдау кестесі қызығушылық тудырады. <b>5-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі тар.</b> Жұмыста ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің тиімді бағытын анықтайтын корреляциялық-регрессиялық модель әзірленген. Менің ойымша, осы алынған корреляциялық-регрессиялық модельдің қорытындысы негізінде субсидиялау және несиелендіру бойынша нақты ұсыныстар жасау керек еді. <b>6-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</b> Ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданудың деңгейін, жобаларын және мүмкіндіктерін анықтайтын тұжырымдама мен кесте әзірленген. Алынған ғылыми нәтиже ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өте маңызды.</p>
--	--	---	---

			Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары 15 ғылыми еңбектерде жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі қарастырылған. Ол теориялық және тәжірибелік мәліметтерді зерделеуді абстрактілі-логикалық, статистикалық, сараптамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістері негізінде жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Жұмыста ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық модель ұсынылған. Оның негізгі факторлары ретінде Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы ( $y$ ), тәуелсіз (экзогендік) факторлық белгілер ретінде екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі ( $x_1$ ), мемлекеттік бюджет шығыстары ( $x_2$ ) және негізгі капиталға инвестициялар ( $x_3$ ) қолданылған. Талдау нәтижесі ауыл шаруашылығын бюджеттік қаржыландыруды мен негізгі капиталға инвестиция салу тиімді екендігін көрсеткен.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалған және «Агро Строй Союз» ЖШС қызметіне енгізілген.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер экономикалық тетіктерді ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолдану кезінде нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдебишолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті деп санаймын.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың белгілі бір теориялық маңызы бар, ол ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды әсер ету деңгейіне, қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына, тұрақты даму бағытына қарай топтастыру, экономикалық тетіктерді нарықтық және институционалдық түрлеріне қарай жүйелеу кезінде анығырақ байқалады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстарды ауыл шаруашылығы саласын әрі қарай дамыту үшін жергілікті атқарушы органдары, ауыл шаруашылық кәсіпорындары қолдана алады. Сонымен қатар ғылыми нәтижелер мен тұжырымдарды осы бағыттағы бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыптабылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста практикалық маңызы бар Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттырудың тұжырымдамасы ұсынылған. Бұл ұсыныс толығымен жаңа болып келеді.
10	Жазу және ресімдеу	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу

	сапасы	<b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	сапасы жоғары және біліктілік сапасына сай екендігін атап өткен жөн.
--	--------	---	--

**Ресми рецензенттің шешімі:**

Жазбаша пікірде көрсетілген ескертпелердің онша күрделі емес екендігін және диссертациялық зерттеу нәтижелерінің жалпы құндылығын төмендетпейтіндігін атап өткен жөн.

«Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру» тақырыбында жазылған докторлық диссертацияға оң пікір бере отырып, Жусупов Ержан Алпысбаевичті «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

экономика ғылымдарының кандидаты,  
 «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан  
 техникалық университеті» КЕАК  
 Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің профессоры



Э.С. Нурекенова